



Абай оқулары – 2015

Ы. Алтынсарин атындағы гимназияның мәжіліс залында жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша "Абай оқулары" байқауы өтті. Байқаудың салтанатты ашылуында қала әкімінің орынбасары Қайрат Әбішев құттықтау сөз сөйледі.

Жүзден жүйрік озатын жарыстың: «Асыл сөзді іздесең...» номинациясы бойынша ұлы ақынның екі жүзден астам өлеңін жатқарып отырған №4 мектептің оқушысы Аружан Егінбаева жеңімпаз атанды. Абай әндерін айту:

«Құлақтан кіріп бойды алар...» номинациясында №6 мектептің шәкірті Ералы Хамзин көш бастады. «Сәулең болса кеудеңде...» деп аталатын талапкерлердің өз шығармашылығын байқау номинациясында №10 мектептің оқушысы Дана Ыбрай бас жүлдені қанжығалады.

Жеңімпаздар грамота, ақшалай сыйлықтармен марапатталып, облыстық байқауға жолдама алды.

Мұрат ЖҮНІСҮЛЫ